

**ТҮРКІЛІК РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ: РЕТРОСПЕКТИВА-
ИНТРОСПЕКЦИЯ-ПЕРСПЕКТИВА**

**TÜRKLÜĞÜN MANEVİ DEĞERLERİNİ YENİDEN
CANLANDIRMAK VE GELECEKTE
YAPILACAK İŞLERİ BELİRLEMEK**

**REPRESENTATION OF THE SPIRITUAL VALUES OF THE
TURKISH PEOPLE:
RETROSPECTIVE-INTROSPECTION- PERSPECTIVE**

**РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ ТЮРКСКОГО
НАРОДА: РЕТРОСПЕКТИВА-ИНТРОСПЕКЦИЯ-
ПЕРСПЕКТИВА**

Ataş BERİK* - Kenjali TOLİSBAY**
(Аташ Берік) (Кенжалы Толысбай)

Özet:

Bu makalede; Türklüğün manevi değerlerinin yeniden canlandırılması sorunları ele alınmaktadır. Bu değerlerin yeniden nasıl canlandırılması gerektiği konusunda; teorik ve metodolojik esaslar ışığında bilimsel boyutuyla ele alınıyor. Bununla birlikte bunların pratikte nasıl gerçekleştirileceğine örnek verilmektedir.

Anahtar Kelimeler: Türklük, manevi değerler, yeniden canlandırma, Türklük ruhu, maneviyat, insani gelişme

Summary

In the article the revival problems of spiritual values of the Turkish people are taken into consideration. The author presents scientific-theoretical and methodological foundation

* Almatı Enerjitika Jene Baylanıs Üniversitesi Doçenti. Almatı/Kazakistan

философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы энергетика және байланыс университетінің доценті.

** Almatı Kızdar Devlet Pedagogiya Üniversitesi Doçenti. Almatı/Kazakistan

философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Алматы Қыздар мемлекеттік педагогика университетінің доценті.

for the development of spiritual values. And practical aspects of its implementation are realized.

Key Words: the spiritual values of the Turkish people, renaissance, Turkic spirit, spirituality, human development

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы возрождения духовные ценности тюркского народа. Автор представляет научные теоретико-методологические основы развитие духовных ценностей, а также моделируется практические аспекты его реализации.

Ключевые слова: Тюркские духовные ценности, возрождение, тюркский дух, духовность, человеческое развитие.

Жаһандандудың беталысы жағдайында ұлттар мен ұлыстар үшін ерікті-еріксіз түрде талап етілетін ашық қоғам мен сұхбаттастық ұстанымы әрбір субъектілер үшін өзінің жағымды және жағымсыз қырларын паш етіп келеді. Жаһандандуды қабылдаудың психологиялық климаты аясындағы теориялық-бұқаралық санадағы пікірлердің бірі – этникалық болмыс тұтастығының дербестігі және оның өміршендігі, ұлттар мен ұлыстардың табиғи бірегейлігінің сақталу-сақталмауы дегенге келіп саяды (Қазақстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности.2011:9-13.). Осындай түйткілді мәселеге сәйкес, стратегиялық-футурологиялық жоспарлар аясында, еліміздің кейбір ғалымдары түркі халықтарының мәдени-рухани, экономикалық-әлеуметтік бірлігін негіздейтін жалпытүркілік идея жобасын ұсынып келеді (Тайжанов А. 2007:2-9.). Бұл тұста, біз саяси бірлік немесе халықаралық деңгейдегі қатынастардың жобаларын емес, түркі халықтарының мәдени-рухани құндылықтарының табиғи-генетикалық, тарихи эволюциялық негіздерін басшылыққа ала отырып, тұтас рухани құндылықтарын сараптау, жүйеге келтіру, сұрыптау мен ілгерішіл жақтарын қайта жаңғыртудың негізгі бағдарларын теориялық тұрғыдан зерделеу мәселесін сараптап өтпекпіз. Осы жазықтықта, мәселенің өзектілігі, түркілік рухани құндылықтарды сараптаудың теориялық-әдіснамалық-практикалық негіздері және оны ретроспектива-интроспекция-перспектива түзілімі аясында қарастыруды қолға алмақпыз.

Түркілік рухани құндылықтарды сараптау мен қайта жаңғырту бүгінгі заманның объективті шарттарынан туындап отырғандықтан, оның көкейкестілік сұранымдарын былайша тұтастандыра аламыз:

Біріншіден, жаһанданду жағдайындағы түркі халықтарының рухани құндылықтарына сәйкес келмейтін әр түрлі жат психологиялық ықпал өрісі аясындағы идеологиялардан сақтану үшін қажетті бағдар болып табылады. Шындығында, қазіргі адамзаттық идеологиялық кеңістік арнасында, әрбір қауымдастық пен ықпалды күштер өзінің насихаттық-психологиялық түсініктерін жалпыға таңуға ұмтылу үстінде. Мәселен, еуропаландыру, қытайландыру, америкаландыру тәрізді ықпалдармен қатар әр түрлі діндердің насихатшылдық әрекеттері өрістей түсуде. Осы орайда, біз, қазақ халқы және басқа да түркі халықтары бұрынғы тарихи дәстүршілдік қағидасын және оны қазіргі заманға сай

қайта жаңғырту идеясын қолдауды ұсына аламыз. Себебі, әр түрлі болмыс-бітімiмiзге сәйкес келе бермейтiн идеологиялардың ықпалынан алдымен, руханилықты бетке ұстау арқылы сақтана алатындығымыз тарихи тәжірибеде бiнеше рет дәлелденген шара.

Екiншiден, түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың тарихи қажеттілігі мен хронологиялық жағынан да мезгілі келіп жетті, бұл тарих таразысының объективті шарты десек те болады. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін түркі халықтарының егемендік алуы, Түркия мемлекетінің түркілік идея аясындағы мәдени ұмтылысы, ұмыт болып бара жатырған руханияттық деңгей т.б. оны қайта жаңғыртудың уақыты келгендігінің объективтілігін паш етіп отыр. Шынайы тарихты тану, тарихи өзіндік сананың қалыптасып, дамуы бүгінгі күні осы рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуды қалайды.

Үшіншiден, бұл мәселенің тағы бiр өзектi қыры – жалпыадамзаттық рухани дағдарыстардың пайда болуы мен қылаң беруі. Ол утопия ма, әлде өмірдің шындығы ма, немесе әлеуметтік миф пе – бұл да күрделі мәселе. Бірақ, кейбір зерттеушілеріміз әлемдегі «тұтынатын адам» дағдарысының руханияттыққа жат қылығын, оның тым тұрпайы ерекшеліктерін ашып көрсетеді (Абдраимова А.С., Мырзалы С. 2012:334.). Егер бiз жалпыадамзаттық рухани дағдарысты анық сезіп келе жатырған болсақ, сондай беталыс бар екен деп пайымдасақ, сөз жоқ түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғырту осы сәттегі сұранып тұрған өмірдің заңдылығына айналады. Түркілік тұтас руханияттық асқақтық әлемдік рухани дағдарыстардың ықпалында болмауды және оған тиісті емес екендігін де паш ете алады, мүмкін ол әлемдік рухани дағдарысты тежеуде өзіндік бiр орнын айғақтап бере алатындай үлес қосуы да ықтимал.

Төртіншiден, бүгінгі таңда адамзаттық өрлеу мен ілгерілеу түркілік өмір салты мен руханияттық деңгейіне біршама қызығушылық тудыруда, ол дүниежүзілік мәдени аренада айтарлықтай беделге де ие болып келеді. Мәселен, қымыз бен шұбат сынды сусындар, киіз үй баспанасы мен ою-өрнектер, ұлттық аспаптарымыз т.б. қайсібір озық қоғамның талғамдарына сай келіп құрметтеледі. Осы орайда, руханияттық деңгейімізді қайта сараптау, оның ғылыми-теориялық негіздерін реттеу, алдымен, бұл құндылықтарға иелік етуімізді, содан соң, түркілік экзотиканы әлемге қайтадан таныстыруымызды заманауи тұрғыдан талап етуде деп айта аламыз.

Бесіншiден, бүгінгі таңдағы іске асып келе жатырған жалпытүркілік экономикалық-саяси ынтымақтастық ұстанымының іргетасын, теориялық негіздерінің алғышарттарын жасау, тұтастық идеясының түпнегіздерін көрсету үшін, алдымен, руханияттық бірліктің терең тарихи-мәдени негіздерін қайтадан өрістету туралы концептуальді идеялар қажет. Бұл – рухани құндылықтарды қайта сараптау арқылы өзіндік бiр жаңа белестерді тани алады.

Алтыншыдан, түркі халықтарын тұтастай және оларды жекелей алғанда да, өзінің тұғырлы мәртебесін әлемдік саяси-мәдени аренада анықтайтын мезгілдің келіп жеткендігі де осы рухани құндылықтарды сараптап, қайта жаңғыртып, ешкімге ұқсамайтын төлтума ерекшеліктерімізді әйгілеудің бірден-бiр себебі болып табылады деп айтуымызға болады. Бұндай заманауи талап түркі халықтарының әлемдегі орнының салмақты түрде айғақталуы, дүниежүзілік халықаралық кеңістікте өзіндік мәртебесінің нығаюы сияқты мәселелер шеңберінде руханияттық деңгейімізді паш ететін мезгілдің келіп жеткендігін әйгілеп тұрғандай. Осы орайда, «Необходимо научно-философское осмысление тенденций развития культуры этих государств,

сохранения самобытности и специфики менталитета тюркских народов, как самоценного явления в общечеловеческой культуре»,-деген пікір де (Абаев Н.В., Аюпов Н.Г.2010:17.) біздің тұжырымдарымызды дәйектей түседі. Тарихтағы түркілік бірлік рухын еске алсақ, өткенге көз жүгіртсек, жер бетінде бірнеше түркі тектес халықтардың империялар құруы, шындап келгенде, зерттеушілеріміз атап көрсетіп жүргендей, олардың тарихтың қозғаушы күші ретінде танымал болуы, әлем халықтары өркениетіне айтарлықтай ықпал еткендігі т.б (Әкім Ж.2006:204.) шынайы тарихи әділ бағасын алуы тиіс.

Жетіншіден, құндылықтарымызды қайта жаңғыртудың өзекті мәселелерінің бірі – олардың руханияттық кеңістік алаңынан жоғалып бара жатырғандығы мен жоғалып кеткен кейбір тұстарын қалпына келтірумен шартталады. Мүмкін, тек түркі халықтарына ғана емес, жалпыадамзатқа игі ықпал ете алатын руханияттық деңгей заманауи сұраныстардан туындап отырғандай деп болжамдауымызға болады. Бұл шындығында да солай. Мәселен, Ш. Ибраевтың: «Ал адамзаттың дамуына өлшеусіз зор үлес қосқан түркілік мәдениеттің орны мен бағасын, мазмұны мен даралық сипатын, құрамдас бөлігін зерттеу – түркілерге ғана емес, жер бетіндегі адам баласы үшін қажетті іс»,-деген пікірі де (Ибраев Ш.2011:10.) жалпыадамзаттық рухани дағдарыстарды тежей алатын маңызды күштердің бірі осы түркілік руханиятта жатыр деген ойды меңзеп тұрған сыңайлы.

Сегізіншіден, қазіргі түркі халықтарының бірлігі идеясының болашақ моделінің алғышарттарының руханияттық деңгейін көрсету үшін де біз қарастырып отырған мәселе өзекті болып табылады. Бұл түркі халықтарының бір мемлекет құру идеясына жетелемейді, тарихи саяси-әлеуметтік бірліктің бүгінгі рухани-мәдени-экономикалық бірлігі идеясын қайтадан тани алуымызға ықпал ете алды. «Түркі халықтарының рухани, мәдени жэәне тілдік туыстығы тиімді де, сенімді экономикалық ынтымақтастықтың кепілі»,-деп тұжырымдаған ғалымдарымыздың пікірлеріне сәйкес (Момынкұлов Ж.Б.2012:19.), алдымен, жалпытүркілік руханияттық кеңістікті өрістету мәселесі жолға қойылып тұр.

Түркілік рухани құндылықтарды сараптау мен қайта жаңғырту да олардың бірнеше ғасырлық белестерден өтіп кеткен шағында, мінсіз ыңғайласқан аса оңтайлы жұмыс емес екендігі де шындық. Кей жағдайда, бұл мәселені өрістету сәтінде мынадай қиыншылықтары мен күрделілігі үнемі алдымыздан шығады.

Атап айтқанда; ұмыт болған құндылықтарды еске түсіру; түркі мемлекеттері мен автономияларының аз еместігі; түркілік ұлыстардың құндылықтар жүйесінің әр түрлілігі мен олардың кейіннен өзгеріп кетуі; бұл құндылықтардың ұлттық бедел, бренд ретінде жеке дара сақталуы; түркі халықтарында бүгінгі күні тек экономикалық қана емес, рухани бірліктің де арнайы жүйелі құрылмауы; кейбір түркі халықтарының этникалық санасының жойыла бастауы; рухани құндылықтардың өзіндік ішкі қайшылықтарының кездесуі; түркі мемлекеттерінің саяси ұстанымдарының тұтастай біркелкі еместігі; түркілік рухани құндылықтардың жеке ұлттар мен ұлыстар аясында тарамдалып, ішкі жағдайда иелік етуі мен сол мемлекеттің идеялық құнары ретінде меншіктелуі; түркілік рухани құндылықтарды әртарапты түсіндірулердің кездесуі; түркілік өркениет тарихы аясындағы оның көшпелі немесе отырықшыл халық болғандығы туралы бүгінгі ғылыми дискурстың нақты бір шешімге келмеуі; түркілік жалпытұтастық идеясының өзін бүгінгі күнгі әр түрлі түсінушілік т.б.

Келесі кезекте, біріншіден, түркілік рухани құндылықтардың аясын қай дәуірден бастау керек және оны шартты түрде қандай кезеңдерге жіктеуге болады; екіншіден, жалпы рухани құндылықтардың өзіндік жүйесін құрып, оның аясында түркілік руханиятты зерделеу қандай бағыттарға ажырайды; үшіншіден, оларды сараптау мен жүйелеуде, біз қандай әдіснамаларды қолданамыз; төртіншіден, пайымдалған, зерделенген, таразыланған құндылықтар жүйесін бүгінгі күнге қалай көшіре аламыз, қайта жаңғыртудың өзіндік тәсілдерінің теориясын қалайша ұсынуға болады? деген проблемалық алаңға кезігіміз және оны былайша таразылап өтпекпіз:

Бірінші мәселе бойынша, тарихқа көз жіберсек, есте жоқ ескі замандарға шолу жасасақ, «түркілік тайпалық нышандардың» пайда болуын тым әріден бастауға да болады. Мәселен, Солтүстік Америка мен Шығыс Азияны біріктіретін Беринг бұғазы ашылмай тұрған кезеңдегі алып екі материктің жалғасып жатқан дәуірінде мәдениеттердің сұхбаттастығы мен қатар көші-қон үрдісі де орын алғандығы шындық. Осыған орай, қазіргі ғалымдар Америкадағы үндістер мен бүгінгі түркі халықтарының арасынан тіршілік ету дәстүрлері болсын, діл мен сенім бірлігі болсын, мәдени-элеуметтік нышандар болсын белгілі бір ұқсастықтарды тауып отыруы да заңды құбылыс. Немесе, Үнді-Арииліктердің тіршілік еткен мекені ретінде, түркілік мәдениеттің түптамырлы түбірлестіктерін иран, үнді, еуропаның кейбір халықтарынан да кездестіруіміз де ұмытылған тарихтың шынайы келбеті болып табылады. Сондай-ақ қазіргі Қазақстан аумағындағы аймақта құрылған Андронов мәдениеті де тым көне архетиптерді оятады. Осыған орай, қазақ руханиятының тарихи тамырының тереңде жатырғандығын байыптаған Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты туындысында оның эволюциясының хронологиясын жасап, түпбастауын бұдан 6000 жылдық уақыт аренасынан туындатып, бүгінгі күнге дейінгі қалыптасқан он екі кезенді ажыратып көрсетеді және оны арииліктер дәуірінен бастайды (Назарбаев Н.2003: 267-284.). Түркілік өркениет пен руханияттың тамыры, шындығында да, әзірге мәлім тарих бойынша (мүмкін, одан да әрі) 5-6 мың жылдықты құрайды (Төрөбай Қ.2011:15.).

Ендеше, түркілік руханият түркі қағанаты дәуірінде бірден туа салған құрылым, саяси-идеологиялық қондырма емес, биогенетикалық ұрпақтар сабақтастығы арқылы этникалық тұтастық рухының тарихи-мәдени түп тамырларынан жалғасын тауып келе жатырған байырғы ата тектерімізден тасымалданып, бүгінгі күнгі Түркілік мемлекеттердің руханилық дәрежесі мен өмір сүруінің витальдік күшінің іріктірілген құндылығын айғақтап отыр. Түркілік Руханият белгілі бір этностың тұтас рухани мәдениет болмысымен, тіршілік ету салттарымен, өмірлік құндылықтар жүйесімен, оның ішкі дүниесімен астасып жатырған мызғымас, барынша тұрақты ұстанымдардың, ұстындардың, қағидалардың, даналық бастаулардың жүйеленген, объективтендірілген жиынтығынан құралатын болғандықтан, оның тасымалдану жолдары да көптүрлі.

Бірақ, бұл кезеңдердегі түркілік рухани құндылықтарды зерделеу мен пайымдау айтарлықтай қиыншылықтарға кезіктіреді және ол мәдениеттердің симбиозына, түркілердің басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кеткендіктерінен, түркілік рухани құндылықтарды сараптауды неғұрлым берірек, «әбден орныққан» кезеңнен бастаған жөн сияқты. Осы тектес көзқарастар да бүгінгі түркілік руханиятты өрлету дискурсында кездесіп отырады: «Түркі мәдениеті жоқ жерден пайда болған жоқ, ол өзінің құндылықтар жүйесіне үйлесе кеткен барлық мәдени жетістіктерді сіңіріп алды», -деп тұжырымдаған Ж. Мадалиева, оның тарихының өте ерте замандардан бастау алатындығын дәйектей келе, пікірлерін былайша сабақтайды: «Өкінішке орай,

тарихта біздің алыс бабаларымыз жайлы ақпарат өте аз, ал ғасырлар тереңінен жеткен шағын мәліметтер өткен тарихты толығымен сипаттай алмайды. Ең бастысы түркі тілі, дін тілі, ғылым-білім тілі, мемлекет тіліне айналды» (Мадалиева Ж.2012:339-343.).

Ендеше, түркілік рухани құндылықтарды тарихи тұрғыдан зерттеуде мынадай дәуірлерді шартты түрде бөліп көрсетуімізге болады: 1. Сақ-скиф дәуірі (б.э.б 1 мыңжылдық – б.э дейін); 2. Ғұндар кезеңі (б.э.б. 300 жылдар – б.э. 400ж); 3. Түркі қағанаты заманы (5-8 ғғ); 4. Оғыз-қыпшақ бірлестігінің дәуірі (8-12ғғ.); 5. Түркі халықтарының ыдырауы мен әлемге таралу мезгілі және Шыңғысшылдық идеясының үстемдік құрған уақыты (12-15 ғғ.); 7. Түркі халықтарының жеке мемлекет құрып дербес тіршілік етуі (15-19 ғғ.); 8.Қазіргі түркі халықтарының рухани ынтымақтастыққа ұмтылу кезеңі (20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басы).

Жоғарыда көрсетілген екінші түйткіл бойынша, рухани құндылықтарды жіктеудің дәстүрлі парадигмасына сүйенсек, аталған мәселені зерделеу үшін түркілік руханият негізінде оның мынадай жалпылама құрылымын, болмыстық-функционалдық негіздерін шартты түрде тұтастай алғанда, былайшы ұсынуымызға болады: Қызметі: интегративтік, регуляторлық, компенсаторлық, идеалдық, футурологиялық, консенсустық т.б. Түрлері: логикалық, эстетикалық, этикалық, саяси, ақпараттық т.б. Көрінісі: дінде, әдебиетте, өнерде, саясатта, дүниетанымда, мифте, салт-дәстүрде, қоғамдық тарихи өмірде т.б. Түпнегізі мен шығу көзі: тіл, діл, архетип, ұжымдық бейсана т.б. Сақталуы мен сабақтау жолдары: этникалық бірлестік идеологиясымен, тарихи сана арқылы, дәстүршілдік принциптермен, этникалық дүниетаныммен, биогенетикалық сабақтастық бойынша, объективті идея түрінде, қоғамдық санада сақтала отырып, архетиптік түрде, өмірлік витальдік күш ықпалымен, түркілік рух аясында т.б. Өмір сүру тәсілі: мәңгі бар болады, тылсым рух түрінде, синкретизмдік, конструктивті, модернизацияланатын, концептуалды, универсалды формада, асқақтық бойынша, кеңістіксіз-уақытсыз, идеологиялық, дидактикалық сипатта т.б. Жаңғыртудың қозғаушы күштері: түркілік рух, жалпытүркілік сезім, намыс пен жігер, интеллектуальді-рухани екпін т.б. Қайта жаңғыртудың мәні мен мақсаты: тарихи-мәдени өмір бойынша (салт-дәстүрді сақтау, дін мен өнерді дамыту, тіл мен әдебиет, наным-сенімдер, түркілік сезімді жаңғырту), саяси-әлеуметтік ұстанымда (геосаяси кеңістікті сақтаудың рухы, дүниежүзілік саяси аренадағы лидерлікке ұмтылу идеологиясы, түркілік этникалық дербестік (индивидуализм), түркілік дамудың перспективасы мен прогнозикасын құру), биопсихологиялық тұрғыда (ұрпақтар сабақтастығы, генетикалық тұтастық пен тазалық, түркілік діл, түркілік рух және рухтану, өзіндік сана-Мен) т.б

Үшінші мәселе бойынша, түркілік рухани құндылықтарды сараптау мен қайта жаңғыртудың осындай келелі өзектілігіне орай, оны зерттеу мен пайымдаудың объективті ыңғайластығы мен сұраныстарына сәйкес, жоғарыда атап көрсетілген күрделілігі мен қайшылықтылығына қарамастан, бұл мәселені ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделеу үшін, оның әдіснамалық негіздерін құру, яғни, негізгі әдістерін мәселеге қарай ыңғайластыру маңызды қадамдардың бірі болмақ: тарихи-логикалық – түркілік рухани құндылықтарды реттеу мен жинақтау; тарихи-салыстырмалылық – түркілік рухани құндылықтарды салыстыру; герменевтикалық – түркілік рухани құндылықтарды түсіндіру; феноменологиялық – құндылықтардың бұрынғы және қазіргі санадағы көріністерін көрсету; психоанализдік – құндылықтардың ішкі мәнін психологиялық тұрғыдан сараптап көрсету; құрылымдық – тұтас түркілік құндылықтардың жалпы құрылымын, бөліктерін, жүйесін құру, топтастыру;

функционалдык – түркілік рухани құндылықтар жүйесінің қызметін көрсету, бұрынғы және қазіргі кездегі мәнін ашу, маңызын пайымдау; анализ бен синтез – түркілік рухани құндылықтардың тұтастығын, жалпы бір негізді көріністерін саралау, тиянақтау; проекциялау – түркілік рухани құндылықтардың бүгінгі заманға көшірудің үлгісін, қазіргі заман үшін маңызын ұсыну; модернизациялау – түркілік рухани құндылықтарды сараптап, оларды қазіргі заманға бейімдеудің немесе сол күйінде жеткізудің үлгісін жасау; модельдеу – болашақтағы түркі халықтарындағы руханияттық деңгейдің жаңа бір үлгісін құру мен ұсыныстар жасау, жалпы түркілік руханият бірлігінің тұжырымдамасын беру т.б.

Төртінші мәселе бойынша, түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың стратегиясы мен тактикасын айқындау қажет. Сондықтан ол, ғылыми дискурс аймағында талқыланып, бастапқыда көптүрлі жобалармен, тұжырымдамалармен жабдықталып, олар іріктеліп, болашаққа жолдануы тиіс. Ол полиэтникалық тұтастық, діни келісім, мәдениеттер диалогы, ортақ мәдени игіліктер құру, жалпыадамзаттық гуманизм мен түркілік руханияттық құндылықтар аясында т.б. жүзеге асуы қажет. Ендеше, түркілік мәдени құндылықтардың алмасуы, танылмаған оқшау, оңды, тиімді деп табылған көріністердің түркілік және әлемдік аренаға шығарылуы керек, түркі халықтары мен этностардың мәдениеттерінің коммуникациясы - бірін-бірі толықтырушылық (компенсаторлық), дамытушылық (прогрессивті), жүйелеушілік (систематизация) қызметтерді атқаруы тиіс. Осыған сәйкес, түркілік ортақ құндылықтарды жаңғырту мақсатында ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалана отырып, рухани құндылықтардың өздігінен еркін трансформациялануы, оны жаңғыртудың жаңа жобаларын іске асыру үшін түркі халықтарына ортақ ғылыми орталықтар мен корпорациялар құру өзектілігі туындайды. Бұл бағытта атқарылып отырған шаралар да аз емес. Алдағы уақытта: руханияттық түркілік интеграция, интерэтникалық рухани коэволюционизм, этникалық субпрогресс, рухани құндылықтарды жаңғыртудың футурологиялық жобалары, оларды қайтадан этномодернизациялау қажеттігі де туындап қалуы ықтимал.

Осы концептуалды-теориялық мәні бар идеяларды іске асыру үшін, түркі жұртының әрбір субъектісі, өзінің рухани жетілуінің аса маңызды құбылыс екенін анық сезіне отырып, оны қадағалауы тиіс. Адамның өзін-өзі рухани жетілдіруі «дала философы» Асан қайғы айтқандай, «даналықтың өзегі» болып саналады (Толысбай К.2006:235.).

Демек, түркілік рухани құндылықтарды жаһандану аясында сараптау мен қайта жаңғырту мәселесі, іргелі ғылыми ізденістер мен рухани келісімді, мәдени-саяси бірлікті және болашақты нақты жоспарлауды қажет ететін әлеуетті түйткілдер болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абаев Н.В., Аюпов Н.Г. Тенгрианская цивилизация в духовно-культурном геополитическом пространстве Центральной Азии.-Часть2. Алматы, 2010.-200с.
2. Абдраимова А.С., Мырзалы С. Рухани адамгершілік дағдарыс: себептері мен одан шығу жолдары//Шулембаевские чтение. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию доктора философский наук, профессора К.Ш. Шулембаева. 2-4 марта 2012.-Алматы: КазНПУ им. Абая.-407 с-334-337бб.

KÜLTÜR EVRENİ - UNIVERSE OF CULTURE - ВСЕЛЕННАЯ КУЛЬТУРЫ

3. Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде.-Алматы: Өлке, 2006.-232 б.
4. Ибраев Ш. Халықаралық түркі академиясының құрылғанына 1 жыл//Түркі әлемі, №12(116), 2011ж.
5. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности//Адам әлемі, №4 (50) 2011.-с.9-13.
6. Мадалиева Ж. Қазақ мәдениеті түрік-мұсылман контекстінде// Шулембаевские чтение. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию доктора философский наук, профессора К.Ш. Шулембаева. 2-4 марта 2012.-Алматы: КазНПУ им. Абая.-407 с.- 339-343бб.
7. Момынқұлов Ж.Б. Түркітілдес мемлекеттердің интеграциясындағы Қазақстан Республикасының орны//Түркі әлемі, №2(118), 2012 ж.
8. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 2003.-288 бет. Тайжанов А. Ғаламдасу: Түркілік таным мен тағылым//Жалын, №8, 2007, 2-9 бб.
9. Толысбай К. Асан қайғы.-Алматы: Дайк-Пресс, 2006.-235б.
10. Төрөбай Қанат. Аяз Ата Алтайдан шығады сапарға//Түркі әлемі, №12(116), 2011 ж.